

Бекітемін
«Айлин» бөбекжай бағабакшасы
менгерушісі Давыдова М.А.
03.03.2023 ж.

«8-Наурыз» мерекесіне арналған ертеңгілік
«Жұлдыз» ортаңғы тобы
Тақырыбы: «Аяулы анашым!»

Тәрбиеші: Сариева Ж.

2022-2023ж

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

Мақсаты:Балаларға 8-Наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Аналардың әр бір сөзі, ой талабы Жүректің тереңінде сақталады. Өсіңдер елін сүйген ұландар боп, Ардақты ана еңбегі ақталады.

- Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді 8 - наурыз мерекесімен құттықтаймыз.

Хор: «Апатайым анашым»

Балалардың құттықтау тақпақтары.

Айым

Біз доспыз гүлдермен
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Рахманали

Аялаған анашым
Мәпелеген анашым
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Нұртас

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам

С.Мариям

Ақ анашым, аппағым.

Өзін жайлы тақпағым.

Өзін жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрінде.

Аделя

Құтты болсын анашым

Құтты болсын мерекең

Өркез саған тілеймін

Ұзақ өмір жолдарын.

Мустафа

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағы.

Жүргізуші:

Ақ қар еріп

Су көбейіп!Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып, Гүл

бәйшешек басады.

Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады?\Көктем мезгілінде\

Көктем келеді. \балалар мен ,ата-аналармен амандасады.\

Жүргізуші:Көктем ,қош келдің ,төрлет Көктем! Біз сені көп күттік
! Біздің балалардың көктемнің алғашқы мерекесіне қалай
дайындалғандарың тамашала !

Жүргізуші: - Ал енді біздің балапандардың «Әсем»биін тамашаланыздар.

Би: «Әсем»

Залға Шатақбай кіреді: - Қайырлы кеш! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Жаңа бақыт әкелсін!

Жүргізуші: - Сіз өзі кімсіз? Қайдан келдіңіз? Біздің балабақшаға қалай кіріп кеттіңіз? Күзетші қайда?

Шатақбай: - Күзетші кіргізбеймін деді, ал мен мерекеге бара жатырмын дедім, сосын кіргізді.

Жүргізуші: - Бәрі түсінікті. Сізді көрген – ақ кім екеніңізді түсіндік. Басыңызға таба киіп алыпсыз. Аяғыңызға қолғап киіп алып, нағыз Шатақбай келіп тұр екен!

- Бізді жаңа жылмен құттықтап тұр. Ал бүгін аналар мерекесі емес пе балалар!

Шатақбай: - Мә мен бәрін ауыстырып алдым ба?

Жүргізуші: - Ренжіме, Шатақбай! Енді сен бәрін дұрыс жасайсың.

Шатақбай: - Аналар, әжелер, қыздар сіздерді мерекемен құттықтаймын!

Шатақбай: - Балалар сендерге көп рахмет. Ал ендеше сау болыңдар. (Шатақбай шығып кетеді)

Жүргізуші: Біздің ұлдарымыз қыздарға тосын сый дайындап келді . Бізге қонақтарды шақырды. Балалар, оны шақырайық па?

Балалар: Иә!

Бәрі шапалақтайды. Залға сайқымазақ келеді.

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, достар! Сәлеметсіздер ме, қымбатты ата - аналар!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Сайқымазақ!

Сайқымазақ: Менің атым Тили Вили. Мен сендерді сонау Америкадан құттықтауға келдім. Хелоу! Хелоу! Хелоу!

(балалардың қолынан ұстап амандасады).

Сайқымазақ: Мен бүгін мереке бойы сендерді күлдіртіп, көңіл күйлеріңді көтеремін.

Сайқымазақ: Ал сендер отшашу көргілерің келеме? Бізді қуып жетіп, мына шарларды жарыңдар.

(Балалар кейіпкерлердің артынан жүгіріп шарларды жарады)

Мына балалар өздері қандай пысық. Кәне орындарына отыра қойыңдар. Балалар қандай мерекені тойлап жатырсыңдар.

Жүргізуші: Аналарға арналған 8 – наурыз мейрамы.

Ал енді біздің кішкентай гана бүлдіршіндеріміздің аналарға арнаған тақпақтарын тамашаланңыздар.

Мөлдір

Мен анамды сүйемін,

Құшағына енемін.

Мәпелеген анамды,

Қуантсам деп келемін.

Саян

Мені жақсы көреді

Күндей күліп

келеді. Көп ертегі

біледі

Маған айтып береді.

Рахым

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Билал

Бәрімізге анамыз
Біз үшін күн болып жанасың
Құтты болсын мерекең
Құттықтаймын анашым

Қазыбек

Бізді өсірген анажан.
Еңбегіде зор екен,
Құтты болсын анажан! Құтты
болсын мерекең!

Тайман

Ақ қабақты анашым
Күн сәулелі анашым
Өлпештеген баласын
Айналайын баласын

Аналармен ойын: «Мен баламды қалай еркелетемін»

Жүргізуші: - Рахмет, саған сайқымазақ. Сен бүгін бізді
қызықтырып жүрдің.

Сайқымазақ: - Иә, біз сондаймыз. Біз көп ойындар, әндер де, билер де білеміз, және біз фокустар көрсете аламыз. Сендерге де қазір фокус көрсетеміз.

Фокустар:

Бір гүлді қорапшаға салып, айтады: «Қазір осы гүл басқа бояумен боянады». Шығарса, боянбапты.

- Ой, неге боянбайды.

Жүргізуші: - сиқырлы сөздерді айту керек қой. Балалар, қандай сиқырлы сөздерді білесіңдер.

Балалар айтады.

Сайқымазақ:

- Фокус, мокус. (Қорапшаның ішіне қараса, ішінде кәмпиттер жатыр екен.) Балалар, қараңдар гүліміз кәмпиттерге айналды. Балаларға кәмпиттер таратылады.

Жүргізуші:

- Ал енді, біздің аналарға арналған сыйлықтарды қабыл етіңіздер.

-Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!





«Айлин» бөбекжай балалар бағдарламасы
менгерушісі  Кадирова М.А.

26.12.2022



«Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгілік

«Жұлдыз» ортанғы тобы

Сабақтың тақырыбы: «Жеті лақ ертегісі!»

Тәрбиеші: Сариева Ж

2022-2023ж

Тақырыбы: Жаңа жылдық жеті лақ ертегісі. Жаңа жылды ертегі әлемінде қарсы алайық. Шығу

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамық орап алды маңайды.

Армысыңдар, халайық,

Бармысыңдар, халайық,

Жаңа жылды жұп
жазбай, Бірге қарсы
алайық! **1.Хормен**

«Шырша әні»

Рахманали:

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Саян:

Жаңа-жыл, жаңа-жыл

Жаңа жылға жаңа жыр.

Жасыл шырша

жанында, Билеп барлық

бала жүр.

Мариям:

Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді

Құтты болсын қуаныш

Құттықтаймыз сіздерді.

(Залдың бір шетіндегі үйшік жанында 7 лақ пен ешкі)

Жүргізуші: Міне, балақайлар, ертегі әлеміне келіп қалдық.

1-лақ: Диана

Апатай-ау апатай,

Таяп қалды жаңа-жыл

Әзірлейік ән мен жыр, мә-мә!

2-лақ: Адина Сен орманға

барсаңшы, Сыйлық таңдап

алсаңшы, мә-мә!

3-лақ:Мариям

Біз баламыз әркез сақ
Әкел бізге көп моншақ,мә-мә!

4-лақ:Раяна Ақ

моншақты тағайын,
Сауық сайран салайын,мә-мә!

5-лақ:Сырым

Апатай-ау апатай,
Біз ақылды баламыз,
Айтқан тілді аламыз,мә-мә!

6-лақ:Салтанат

Келіп қалды Аяз ата
Би билеп,ән салайық,мә-мә!

7-лақ:Алина

Жаңа жылға қатысып,
Сыйлық алғым келеді.
Орманға тез барсаңшы,
Аяз атаны алып келсеңші!мә-мә!

Ешкі:Аяла

Лақтарым,шырақтарым,
Орманға мен барайын.
Сыйлық таңдап алайын,
Сақ болыңдар әркез тек,
Қасқыр келіп қалмасын,
Тойдың шырқын
алмасын! **Лақтар:**

Біз ешкімге есік ашпаймыз!

Жүргізуші:Солай ешкі лақтарына абай болуды айтып,сыйлық алуға шықты.

Сол кезде Ақшақарды кездестіреді.

Ақшақар:Сәлеметсіңбе,ешкі!

Ешкі:Сәлеметсізбе;

Ақшақар:Жасыл шырша орманда,

Бізге арнайы келіпті.

Ойыншықты балалар

Шыршаға әсем іліпті,

Әсем шырша

сәнденген.

Ешкі:

Тектен-текке тұрмайын,
Жаңа жылға біз дайын,
Лақтарыммен бірге
Шырша әнін
жырлайын.

Жүргізуші:Ешкі мен Ақшақар ешкінің үйіне лақтарын шыршыға шақыруға бет алды.

Қасқыр:Лақтарым,шырақтарым

Есік аш қарақтарым
Мамаң келді орманнан
Сендерге сыйлық
әкелді.

Ешкі:ей,сұмқасқыр,тима лақтарыма

Ақшақар:Онда бізбен жаңа жылды тойлауға жүр.

2.Би

3.Ойын:»Кім тез қаршаларды жинайды?»

(Жүргізуші ойын шартын түсіндіреді)

Ақшақар:Андар болса жиналды,шыршамыз дайын,Аяз ата болса әлі жоқ.

Жүргізуші:Ақшақар мұнайма,қанекей бәріміз бірге дауыстап Аяз атаны шақырайық.

1,2,3 Аяз ата!!! 3-рет.

Аяз ата:Сәлеметсізбе балаларым,

Балаларым балғыным,

Өмір гүлім шалғыным

Тілейтінім жыл бойы

Сендердің денсаулықтарың

Мені көп күткен шығарсыңдар

Мен алыс-алыс жолдармен келемін

Менің балғындарым маған не әзірлеп қойды екен.

Ақшақар:Аяз ата бірінші шыршамызды жағып алайық. **Бәрі бірге:**»Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат.

Жүргізуші:Аяз ата енді тақпақтар тыңдаңыз.

Тақпақтар:

Рахым.

Нұрландырып маңайды,

Шырша шамы

жағылсын. Жаңа

жылдың құрметіне, Ақ
тілектер ағылсын.

Нұртас.

Аяз ата келе ме, Бізге
сыйлық бере ме

Сүлейман.

Әрине ата келеді, Бізге
көп сыйлық береді.

Еркебұлан.

Жаңа жыл, жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр,
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Мұстафа.

Жасыл шырша орманнан
Бізге арнайы келіпті,
Ойыншығын балалар Шыршаға әсем
іліпті. Аяз ата: Балаларым
рахмет, Жарайсыңдар!

Е керемет десеңші, қандай көңілді
Мынадай шырша тойында қалай сендерге сыйлық таратпасқа. Қызым
Ақшақар, қапшықты әкеле ғой.

(Қапшықтың қасына қоян тығылып қалады)

Ақшақар: Ой, мынау не, Қоян ғой.

Алина-Қоян: Мені ұмытып барасыңдар ма, юұл жыл қоян жылы. Ол
мынамен.

Кім мен туралы тақпақтар айтса, қапшықты беремін.

Диана: Аяз сүйіп қарсы алған

Жылдың аппақ тұлғасы

Қыстың айы қаңтардан

Басталды қоян жылы-жылбасы!

Аяз ата: Кел, қояным, Ақшақарым. Балалар сыйлықты күтіп
қалды, таратайық! **Жүргізуші:** Біздің балалардың тақпақтары әлі біткен жоқ.

Мөлдір.

Ақшақар, Ақшақар

Аппақ болып

қонасың Тоса қалсам

қолыңды Алақаныма
толасың.

Жүргізуші:

Аяз атамен Ақшақарды шығарып салу







Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі

Бекітемін:
"Айлин" балалар
бөбекжай бақшасы
М.А. Дәуидбекова

"Жұлдыз" ортаңғы тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: "Алтын күз"

Тәрбиеші: Сариева Ж.

2022-2023 оқу жылы

«Алтын –күз !»

«Жұлдыз» ортаңғы тобы

Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар,халайық,

Бармысыздар ,халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Ботақан» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Ән: «Алтын күз»

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздері туралы тақпақтар айтып береді:

Саян: Дөп дөнгелек сап-сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасын көріп,

Менің атым өрік.

Аделя: Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім.

Жерге сілкіп түсірме,

Ісіп кетер маңдайым.

Нұртас: Өсіретін бойыңды,

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз, тәттіміз.

Муслима: Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам,

Тұмаудан бірақ, сақтаймын.

Абдулла: Картоп біздің атымыз,

Жер астында жатырмыз.

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз.

Билал: Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып.

Тұрған ол мен қызанақ,

Күнге қарап ұялып.

Сулейман: Мен моншақты шиемін,

Құмарсындар білемін.

Кетіп қалып жүрмесін,

Тамағыңа сүйегім!

Жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той

Қуанышты күн біліп қой

Күзгі бақтай сыңғырлап

Алақанды соғып қой деп, — биімен ортаға ұлдарды
шақырамыз.

Би: «Кап кап –тук тук»

Жарайсындар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын
күз» мерекесіне жиналды. Ата –аналарымызда келді. Бірақ бізде кім
жетіспейді. Сендер білесіңдерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынға малынған,

Мен Күз ханшайымымын,
Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

— Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз!
Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ендеше біздің балаларымыздың аналары жасаған күздік киім үлгілерін тамашалайық. Қарсы алыңыздар!

1)Айару 2)Раяна 3)Айым 4)Акжан

Жүргізуші:Балалардың дайындаған тақпақтарың тыңдаңыз:

Тақпақтар:

Айсұлтан: Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша ,

Қандай әсем күз

Ернұр: Күз келгенде тамаша,

Ән саламыз жараса.

Жеміс -жидек піскенде,

Жейміз оны таласа.

Мерей: Алақай, алақай !

Шаттанады балақай.

Береке- салтты күз,

Мереке- алтын күз.

Раяна: Көрініп еліме,

Күндері мереке.

Келді ғой жеріме,

Күз дейтін мереке,

Ойын: «Дәмін ажырат».

Ойынның шарты: Бізге екі бала қажет, олардың көздерін орамалмен байлап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкөністі қолдарымен ұстап, дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, өте дәм сезгіш екенсіңдер.

Жүргізуші: Балабақша-бағында

Сайраңдаймыз-жанында.

Нақ-өзіңдей-бүлдіршін,

Көп достардың жанында. деп біздің кішкентай биіші қыздарымызды «**Жапырақтар**» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Жапырақтар.»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Күз ханшайымы біздің балалардың өнерлері әлі біткен жоқ. Балаларымыз тағы да тақпақ айтып береді:

Айым: Сарғайды тоғай,

Сап- сары маңай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Мардан: Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет тамаша ,

Қандай әсем күз.

Жүргізуші: Балалар Күз ханшайымы бізге құр қол келмепті сендерге әкелген себет тола алмасы бар екен. Бұл күздің сыйы.

Балалар алғыстарын білдіреді.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар!

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Жұлдыз» тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!



